

кепілдемелі қамтамасыз ету;

- бюджеттердің барлық деңгейінің өзін-өзі қаржы жеткіліктілігін қамтамасыз ету;

- аумақтардың әлеуметті-экономикалық дамуының бірқалыпты деңгейін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексында бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандары көрсетілген, олар келесілер [1]:

1. Бюджетаралық қатынастар:

1) республикалық және облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, Астана бюджеттерінің арасында:

- трансферттермен;
- бюджеттік несиелермен;

2) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында:

- трансферттермен;
- бюджеттік несиелермен;
- кірістерді бөлу нормативтерімен реттеледі.

2. Бюджет деңгейлері арасындағы трансферттер жалпы сипаттағы трансферттерге, ағымдағы нысаналы трансферттерге, дамудың нысаналы трансферттеріне бөлінеді.

3. Нысаналы трансферттерді және бюджеттік несиелерді жергілікті атқарушы органдар тиісті бюджеттік бағдарламаларда айқындалған олардың тек қана нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланады.

4. Нысаналы трансферттер мен несиелердің нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған сомалары мемлекеттік қаржылық бақылау органының актісіне сәйкес осы трансферттер мен несиелерді бөлген жоғары тұрған бюджетке Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бақылау актісіне қол қойылғаннан кейін бір ай ішінде қайтаруға тиіс.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінгендерін қоспағанда, қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша олардың нысаналы мақсаты сақтала отырып, келесі қаржы жылында пайдаланылуы (түгел пайдаланылуы) мүмкін.

Бюджеттік реттеу бюджет ресурстарының нақты ағындарын есепке алумен бірге іске асырылады. Бюджеттік ағындар бюджеттік ресурстарды пайдалану бағыттарына байланысты жоғары көтерілуші ағын мен төмен түсуші ағындарға бөлінеді. Жоғары көтерілуші ағын арқылы республикалық бюджет кірістері қалыптасады, ал төмен түсуші ағын жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджеттерге қаржылық ресурстардың қосымша түсімдерін қамтамасыз етеді. Сондықтан, әр ағынның қалыптасу қажеттілігіне байланысты оларды реттейтін нақты механизмдері анықта-

лады.

Бюджет қаражаттарының жоғары көтерілуші ағынын реттеу механизмдері мемлекеттің салық саясатында анықталады және салықтық заңнамаларда бекітіледі. Бюджетаралық қатынастарды реттеу формаларын анықтағанда бюджеттердің әрбір деңгейлері бойынша салықтық әлеует, аймақтар бойынша бюджеттік мұқтаждықтарын объективтік бағалау нәтижелері, бюджеттік нормативтер және халықты мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз етудің бірыңғай стандарттары есепке алынады. Ал бюджетаралық қатынастарды реттеудің нақты формалары орта мерзімді фискалды саясатқа сәйкес тағайындалады.

Төмен түсуші ағын қозғалысын реттеу әр түрлі бюджеттік субсидиялау әдістерін (субвенция, дотация, бюджеттік несие, ресми трансфертер) пайдалану арқылы іске асырылады.

Дотация – ақшалай қосымша көмек, ол жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттер тапшылығын теңгеру үшін мығым тағайындалынған сомамен беріледі.

Субвенция - арнайы ақшалай көмек - ол жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджеттерге қатаң мақсатпен тағайындалған шараларды қаражаттандыруға берілетін ақша құралдары.

Несиелік бюджет ресурстары - ол жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджеттерге несие түрде пайызбен немесе пайызсыз міндетті қайырылатын ақша құралдары. Бюджеттік несиелер заңнамалар мен бекітілген ережелерге сәйкес тек қана инвестициялық жобаларды іске асыруға беріледі.

Ресми трансферттер - ол гранттардан басқа ақысыз және қайтарылмайтын бюджет түсімдері немесе бюджет шығындары.


Кірістерден алынатын пайыздық бөлектеулер нормативтері бірыңғай әдістеме пайдалану арқылы тағайындалады. Оларды есептеу әдістерін жергілікті мемлекеттік билік органдары жасайды, себебі кірістер бөлу нормативтері тек қана бюджет жүйесінің облыс және аудан деңгейлері арасында қолданылады.

Төмен тұрған бюджеттерге қаржылық жәрдем көрсетудің бірыңғай әдістерін қолдану арқылы елдің әр түрлі аймақ тұрғындары мемлекеттік қызмет тұтынушының стандарттық бірыңғай деңгейін қамтамасыз ету көлбеулі (горизонталды) бюджеттік теңестірудің маңызы болады. Сондықтан көлбеулі бюджеттік теңестіру механизмі аумақтар бойынша мемлекеттік қызмет тұтынудың деңгейі мен әрбір билік деңгейі үшін сол қызметтердің құнын теңестіруі тиіс. Мұндай механизмнің әрекеті әр түрлі әдістер пайдалануына негізделеді.

Ең көп таралған әдіс – ол ресми трансфертер механизмін пайдалану. Олар:

- жалпы сипаттағы трансферттер;
- мақсатты ағымдағы трансферттер;

- дамуға арналған мақсатты трансферттер болып бөлінеді (1-сурет).



Ескерту: Автормен құрастырылды.

### 1-сурет. Ресми трансферттер механизімі

Мақсатты трансферттер мен несиелік ресурстар жергілікті атқарушы органдармен тек қана олардың мақсатты белгілеулеріне пайдалануда немесе мақсатты емес белгілеулерге пайдаланған мақсатты трансферттер мен несиелік ресурстар сомалары міндетті түрде жоғары тұрған бюджетке қайтарылады.

Жалпы сипаттағы ресми трансферттер маңында бюджеттік субвенциялар мен бюджеттік алып тастау болады. Бюджеттік субвенциялар ретінде республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома көлемінде жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджетке берілетін қаржы құралдары табылады. Олардың көлемдері жыл сайын абсолюттік сомамен тиісті жергілікті бюджеттің түсімдері мен шығындары арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Жалпы сипаттағы ресми трансферттер жергілікті бюджеттерді бюджет қаражаттарымен қамтамасыз ету мен стандарттық деңгейде мемлекеттік қызмет көрсетуге тең фискалдық мүмкіншілік беруді көлбеулі теңестіруге бағытталады.

Жалпы сипаттағы ресми трансферттер көлемін есептеу әдісі, бюджеттік субвенциялар және бюджеттік алып тастаудың төлем тәртібі мен мерзімі үш жылға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Жалпы сипаттағы ресми трансферттер көлемін есептеуде мемлекет бақылап реттей алмайтын аймақтар арасындағы объективтік ерекшеліктер есептеледі.

Мақсатты ағымдағы трансферттер маңында жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджетке берілетін бюджеттік алып тастау немесе субвенциялардан басқа бөлек бір ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға арналған бекітілген сома көлеміндегі ресми трансферттер қарастырылады. Оларды тек қана мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалар мен Үкімет немесе жергілікті атқарушы органдардың қорынан қаржыланатын шараларды орындауға беруге болады.

Дамуға арналған мақсатты трансферттер болып жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджеттерге республикалық немесе облыстық инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға берілетін бекітілген сомалар көлеміндегі ресми трансферттер табылады.

Кейбір бюджеттің өз кірістері мен басқа да бюджеттік реттеу құралдары жетпегенде оларға ағымдағы шығындарын өтеу үшін ақысыз және қайтарымсыз негізде дотация ретінде бюджет қаражаттары беріледі.

Ал, егерде бюджетке немесе заңды тұлғаға ашықтан-ашық мақсатты шығындарын өтеуге ақысыз және қайтарымсыз негізде бюджет қаражаттары берілсе, онда олар субвенция болып есептеледі.

Біз жоғарыда бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлар туралы атап өттік, осы орайда облыстар бойынша алып қоюларға қатысты төмендегі мәліметтерді ұсынамыз (1-кесте).

1-кесте

#### 2008-2010 жылдардағы бюджеттік алып қоюлар көлемі, мың теңге

№	Облыстар атауы	2008 ж	2009 ж	2010 ж
1	Атырау облысы	15 467 703	20 192 716	18 739 180
2	Маңғыстау облысы	4 249 313	5 342 114	2 431 287
3	Алматы қаласы	52 400 834	55 811 279	54 999 926
4	Астана қаласы	9 634 284	8 576 193	1 492 718
	Барлығы:	81 752 134	89 922 302	77 663 111

Дерек көзі: ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері негізінде құрастырылды

Кестеде көріп отырғанымыздай бюджеттік алып қоюлар көлемі 2008 жылы 81 752 134 мың

теңге, 2009 жылы 89 922 302 мың теңге, 2010 жылы 77 663 111 мың теңгені құрап отыр, яғни

2009 жылы бюджеттік алып қоюлар көлемінің өскенін, ал 2010 жылы қайтадан төмендегенін көріп отырмыз.

Ең көп бюджеттік алып қоюлар Алматы қаласы бойынша байқалды және жыл сайын артып отырған. Алматы қаласы бойынша бюджеттік алып қоюлар көлемі 2008 жылы 52 400 834 мың теңге, 2009 жылы 55 811 279 мың теңге, 2010 жылы 54 999 926 теңгені құрады.

Ал, ең аз бюджеттік алып қоюлар көлемі Маңғыстау облысы бойынша көрініс тапқан және ол 2008 жылы 4 249 313 мың теңге, 2009 жылы 5 342 114 мың теңге, 2010 жылы 2 431 287 мың теңгені құрады.

## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N95-IV Кодексі Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N21, 93-бет
2. Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2006. - 320 бет.
3. Қазақстанның жаңа бюджеттік саясаты. – Астана: Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, компания «Профи Полиграф» баспасы, 2008. – 211 б.

Ж.О. Унгарбаев

### **Современное направление бюджетной политики Казахстана и его роль в регулировании экономики**

Статья посвящена роли государственного бюджета, бюджетной политики в регулировании экономики, раскрывается роль межбюджетных отношений в бюджетной системе.

Zh.O. Ungarbayev

### **The current direction of fiscal policy in Kazakhstan and its role in the regulation of the economy**

This article is devoted to problems of state budget, budget policy in the regulating process of economy, it is disclosing a role of interbudget relations in the budget system.

## Қазақстандағы бюджет саясатының қазіргі бағыттары, оның экономиканы реттеудегі рөлі

Ж.О. Унгарбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Түйін.** Бұл ғылыми мақала мемлекеттік бюджеттің рөліне, экономиканы реттеудегі бюджет саясатының бағыттарына және бюджет жүйесіндегі бюджетаралық қатынастың рөлін ашуға арналған.

Бюджеттік үрдістегі жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттер деңгейлері арасындағы қатынастарды бюджетаралық қатынастар деп атайды. Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес бюджетаралық қатынастар негізінен 6 қағидаға негізделеді. Олар келесілер:

1) облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің республикалық бюджетпен, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің, жоғары тұрған облыстық бюджетпен өзара қатынастардағы теңдігі;

2) аражігін ажыратудың өлшемдерінің бір мезгілде сақталуын ескеретін түсімдерді тиімді бөлу. Олар:

- тұрақты сипаттағы, сыртқы факторлардың әсеріне тәуелсіз салықтық және салықтық емес түсімдер төмен тұрған бюджеттерге бекітіледі;

- мемлекеттік мекемелер көрсеткен қызметтер ақысы болып табылатын салық түсімдері және салықтық емес түсімдер аталған көрсетілетін қызметтер қаржыландырылатын бюджет кірісіне түседі;

- қайта бөліну сипатындағы, сондай-ақ салық базасы әркелкі орналастырылған салықтар бюджет жүйесінің неғұрлым жоғары тұрған бюджеттер деңгейлеріне бекітіледі;

- салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді бюджетке бекіткен кезде оларды жинаудың неғұрлым жоғары дәрежесін қамтамасыз ететін бюджет деңгейіне артықшылық беріледі;

- нақты аумақтық байланыстылығы бар салықтық базадан алынатын салықтар жергілікті бюджеттерге бекітіледі;

3) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейлерін теңестіру;

4) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметтер көрсетудің бірдей деңгейін

ұсынуын қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсындың тиімділігі мен нәтижелілігі - мемлекеттік қызметтер көрсетуді неғұрлым тиімді әрі нәтижелі қамтамасыз ете алатын мемлекеттік басқару деңгейіне мемлекеттік қызметтер көрсетуді бекіту;

6) мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну деңгейін оны алушыларға барынша жақындату - алушылардың қажеттерін барынша дәл есепке алу және мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыру мақсатында қызметтер көрсетудің атқарылуын бюджет жүйесінің мүмкіндігінше төмен деңгейіне беру.

Бюджетаралық қатынастар жүйесі - ол басқару субъектілерінің әрекеттесуін реттейтін бас механизмдерінің бірі, яғни республикалық пен облыстық, облыстық пен аудандық билік деңгейлері арасындағы өзара әрекеті [1, 93б.]. Бұл жүйе жеке қағидалар, әдіс-тәсілдер мен қаржылық құралдар жиынтығымен көрсетіледі. Олар әр түрлі бюджеттердің кірістері мен шығындарын қалыптастыруда пайдаланады және солар арқылы мемлекет бюджеттік өзара байланыстар мен бюджеттік ағындарды тағайындайды және бір ортаға топталған ресурстарды таратады.

Бюджетаралық қатынастар жүйесі заңмен айқын тағайындалған мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттік пен функцияларды және бюджеттердің әр деңгейі бойынша шығындарды жіктеу, халыққа қызмет көрсетудің бірыңғай стандарттарын қамтамасыз ету, түсімдерді бюджет деңгейлері арасында бірыңғай тәртіпте бөлу және бюджетаралық қатынастарды анықтайтын әдістердің бірлікті және ашық болуына негізделеді.

Сонымен қатар бұл жүйе келесі негізгі мақсаттарды шешуін қамтамасыз етуге тиісті:

- мемлекет көрсететін қызметтер минимумын елдің барлық аумағындағы барлық азаматтарға